

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан
The Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина
The National Academy of Education named after Y. Altynsarin



**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІН ОЙЫН
ЖӘНЕ ИНТЕРАКТИВТІ ТҮРДЕ ҮЙРЕНУ БОЙЫНША МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ
ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН
БАҒДАРЛАМА**

**ПРОГРАММА
ДЛЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ПО ИЗУЧЕНИЮ
ГОСУДАРСТВЕННОГО, РУССКОГО И АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКОВ
В ИГРОВОЙ И ИНТЕРАКТИВНЫХ ФОРМАХ**

**PROGRAM
FOR PRESCHOOL CHILDREN FOR THE STUDY OF THE
STATE LANGUAGE, RUSSIAN AND ENGLISH LANGUAGES
IN A PLAYFUL AND INTERACTIVE FORMS**

Астана
2016

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан
Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина

National Academy of Education named after Y. Altynsarin



**Мемлекеттік тілді, орыс және ағылшын тілдерін ойын
және интерактивті түрде үйрену бойынша мектепке дейінгі
жастағы балаларға арналған
бағдарлама**

**Программа
для детей дошкольного возраста по изучению государственного,
русского и английского языков в игровой
и интерактивной формах**

**Program
for preschool children for the study of the
State language, Russian and English languages in a playful and
interactive forms**

Астана
2016

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 18 қыркүйек № 8 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 18 сентября 2016 года)

Recommended for publication by the Academic Council of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin (protocol № 8 of September 18, 2016)

Мемлекеттік тілді, орыс және ағылшын тілдерін ойын және интерактивті түрде үйрену бойынша мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған бағдарлама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 30 б.

Программа для детей дошкольного возраста по изучению государственного, русского и английского языков в игровой и интерактивной формах. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2016. – 27 с.

Program for preschool children for the study of the State language, Russian and English languages in a playful and interactive forms. – Astana: NAE named after Y. Altynsarin, 2016. - 108 p.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2016.
© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2016.
© National Academy of Education named
after Y. Altynsarin, 2016

Кіріспе

Заманауи Қазақстанда болып жатқан соңғы жылдардағы түбегейлі қайта құру, үздіксіз білім беру жүйесінің бастауыш буыны болып табылатын мектепке дейінгі білім беру жүйесіне ерекше міндеттер жүктейді.

Мектепке дейінгі білім берудің мақсаты – баланың тұлғасына тән әлеуетін барынша ашу үшін жағдай жасау.

Мектепке дейінгі білім берудің негізгі бағыты - бұл балаларды мектепте оқуға дайындау, еркін, дамыған, дені сау тұлғаны қалыптастыру, қабілеттерін ашу, оқуға, жүйелі түрдегі оқуға деген ұмтылысын тәрбиелеу. Сондықтан, мектепке дейінгі білім беру жүйесі балаға өз тыныс-тіршілігінің субъектісі болу құқығын, өз әлеуетін көруді, өз күшіне сенуді, іс-әрекетте табысты болуға үйренуді береді.. Бұл оның балабақшадан мектепке өтуін жеңілдетеді, мектепте оқығанда оқытуд жағдайында а тануға деген ықыласын сақтайды және дамытады.

Мектепке дейінгі білім беруде тілді дамыту мен тілдерді үйретуге ерекше мән беріледі. Тілдер мектептерде ғана емес, көптеген мектепке дейінгі мекемелерде де оқытудың міндетті компонентіне айналуға.

Мектепке дейінгі жаста тілдерді үйрену басты мақсат емес, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған баланы интеллектуалды-тұлғалық дамыту тәсілдерінің бірі.

Тілдерді ерте үйрету әлемнің тілдік және мәдени әр алуандығына қызығушылығын тудыруға, басқа халықтардың тілі мен мәдениетін сыйлауға мүмкіндік жасайды, коммуникативтік-тілдік тактіні дамытуға ықпал етеді.

Тілдерді үйрену баланың тілдік, танымдық және коммуникативтік қабілеттерінің дамуына оң әсер етеді, оның ой-өрісін кеңейтуге, тіл арқылы елін, оның халқы мен мәдениетін тануға мүмкіндік береді. Тілдерді ерте үйретудің пайдасы мен маңыздылығы баланың жеке басына қатысты да көрініп тұрады, бұның пайдасы практикалық тәжірибеде бірнеше рет дәлелденген.

Ол тұлғаны дамытудың, мысалы, білімділіктің орташа деңгейінің өсуі, жалпы мәдениетке қойлатын талаптардың артуы, ұлтаралық және мәдениетаралық ынтымақтастыққа дайындықты қалыптастыру сияқты перспективалық міндеттерді іске асыру үшін маңызды болып табылады.

Балабақшада тілдерді үйрену келесі буындармен сабақтастықты көздейді. Мектепке дейінгі, бастауыш және орта буын араларында тікелей байланыс болуы тиіс – бала тілді оқуды жаңадан бастамайды, оны үйренуді жалғастырады. Ерте кезеңде тілдерді үйрену негіздерін меңгеру фонематикалық есту, есту-сөйлеу зерде көлемі, имитациялық қабілеттер, шапшаң айту және тілдік болжамды қалыптастырудың негіздерін қалайды. Әрине, бірнеше тілді меңгермеген тұлғаны біздің заманымызда елестетпеу мүмкін емес, бірақ жан-жақты дамыған тұлғаның маңызды ерекшелігі -басқа мәдениет өкілдеріне деген құрмет және сыйластық қарым-қатынасы.

Соңғы онжылдықта тілдерді үйрену балалардың өмірінің белгілі бір бөлігі ретінде олардың өмірінен орын алады: бала қазақ, орыс, ағылшын тілін бұқаралық ақпарат құралдарынан, шетелге саяхат шеккенде, Интернеттен және жай ғана компьютерден естиді.

Осыған байланысты қазір қалыпты болып саналатын ертеден шетел тілін оқытуды дұрыс ұйымдастыру ерекше маңызға ие болуда.

XX ғасырдың 70-ші жылдары белгілі батыс ғалымдары нейрохирург В. Пенфилд және психолог Р. Робертс баланың миының шетел тіліне мамандандырылған қабілеттілігі бар, бірақ ол жас ұлғайған сайын кемиді деп жазған болатын.

Мектеп жасына дейінгі жастың өзге тілге қатысты сензитивтілігі ең алдымен артикуляция саласынан көрінеді. Бұл жас кезеңінде айту мінсіз меңгеріледі. Сонымен қатар мектепке дейінгі балаларда екінші/үшінші тілге қатысты үйренудегі қорқыныш болмайды – олар қате жіберемін деп қорықпайды, алаңдамай қарым-қатынас жасайды, өз мүмкіндіктерінен түңілмейді, оқытудың әлеуетті проблемаларын сезінбейді. Әрбір тіл үшін фонетика, сөздік, сөйлем құрастыру ережесі меңгеріледі. Алайда, үштілділіктің дамуының әртүрлі кезеңдерінде бала бұл жүйелерді уақытша шатастыруы мүмкін (бірде айту деңгейінде, бірде грамматика деңгейінде). Мұндай процесс табиғи сипатты болады және тілді ерте үйрету идеясынан бас тартуға себеп болып табылмайды. Бастапқы тілдік даму кезінде игерілген танымдық санаттардың басым көпшілігі екінші/үшінші тілге ауысады. Тіл арқылы балаға мәдени, моральдық және басқа да қоғамдық ұсыныстар беріледі.

Мамандар тілді меңгеру мектепке дейінгі жасты ең тиімді кезең деп есептейді. Психологтар осы жаста тілдік материалды есте сақтау нақтылығы, фонематикалық естуді дамытудың жоғары дәрежеде болатынын атап көрсетеді.

Қазіргі қоғам өмірінде тілдердің маңызы өте зор. Осы уақытта мектепке дейін балаларға тілді оқыту педагогтарды, психологтарды, психолог-лингвистерді, ата-аналарды ойландыратын мәселеге айналды.

Мектепке дейінгі жаста оқытудың өзіне тән ерекшелігі бар: бала ересектердің бағдарламасымен оқуы мүмкін, бірақ оны өзінің қабылдау мүмкіндігіне қарай оқиды. Мұнда оқыту түрлері мен тәсілдері ойынмен және затқа қатысты іс-әрекеттермен байланысты. Әртүрлі психикалық үдерістерге ерекше талаптар қоятын сурет салу, мүсіндеу, аппликация, құрастыру және балалардың тағы да басқа іс-әрекеттер балалармен дамыту жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуге кең мүмкіндіктер береді. Олардың бәрін даму эффектісі жағынан қарастырғанда өзара толықтыру қабілеті ерекшелендіреді. Ал ол мұғалімге баланың қызығушылығы мен бейімділігін ескеруге мүмкіндік береді.

Оқу пәндері тәрізді тілдің функцияларын кеңейту бүгінгі күнде қоғамның тіршілігін қамтамасыз ету құралы болуда. Қарым-қатынас құралы ретінде шет тілін меңгерген адамдар көптеп қажет. Ал бұл өз кезегінде әр түрлі үлгідегі білім беру ұйымдарында тілдерді оқыту мақсаттары мен міндеттерін өзгертуге және нақтылауға әсер етеді. Ғалым-әдіскерлер қазіргі кезеңде оқыту, ол – білім

беру мен жинақтау процесі емес, оқушыны дамыту процесі деп дұрыс санайды. Тілдерді ерте үйрену жеке адамның тілдік қабілетінің мәнін қозғап, басқа да тілдерді меңгеруге дайындайды. Сәби мемктепке дейінгі балалық шағы кезеңінде барлық үйренгенін, ол өмір бойы есінде сақтайды. Бала тікелей өз іс-әрекетінде ие болатын елтану жоспарындағы жалпы мәдени мәліметтер әлем туралы толық білім жүйесіне қоса өріледі, оған жеке тәжірибесімен өң береді, оның дүниетанымында сақталады.

Бір жағынан балабақшадағы үдеуші оқу жүктемесіне, екінші жағынан өз балаларының бірнеше тілдерді үйренуіне қызығушылығына байланысты, сондай-ақ баланың денсаулығына деген қамқорлыққа сүйене отырып, тілдерді оқуға себеп пен қызығушылықты сақтайдын әрі дамытатын және балалар денсаулығына зиян келтірмейтін, тілдерді ерте жасынан оқыту бағдарламаларын жасау қажеттілігі пайда болды.

Бүгінгі күні балалардың нақ мектепке дейінгі кезеңде үш тілді оқытуда ата-аналарының қажеттіліктері айтарлықтай жоғары, бұл осы бағдарламалардың қажеттілігі мен өзектілігін қамтамасыз етеді.

Бұл бағдарламалардың өзектілігі практикалық маңыздылығына да негізделген. Балалар алған білімдері мен практикалық тәжірибелерін одан әрі мектепке барған кезде де қолдана алады. Ол уақытта оларда ең бастысы одан әрі тілдерді үйренуге деген қызығушылықтары қалыптасады, бастауыш мектепте тілдерді оқытудың кез-келген бағдарламаларын игеруді айтарлықтай жеңілдетен белгілі бір білім көлемі жинақталатын болады.

Бір немесе бірнеше тілді меңгеру әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени прогресстің маңызды факторы ретінде қарастырылады және нормасы болып қалады. Қаншалықты тілдік дайындық ерте басталса, соншалықты тілдерді меңгеру үдерісі тиімдірек және білімділік деңгейі жоғары екені белгілі. Сондықтан, тілдерді ерте үйрену мәселесі елімізде қазіргі уақытта маңызды мемлекеттік міндет болып табылады және келесі құжаттармен регламенттеледі:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. Онда «отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту» туралы айтылған;

- Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасында мемлекеттік саясат жаппай көптілділіктің қалыптасуына бағытталған деп айтылған.

- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, оның міндеттері балаларды мектепке сапалы дайындауға бағдарланған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жаңарту; мектепке дейінгі ұйымдардың педагог кадрларының сапалық құрамын жақсарту және педагог кәсібінің беделін арттыру; демографиялық жағдайды ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдардың желісін ұлғайтуды қамтамасыз ету болып табылады.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы бес білім беру саласының бірі «Коммуникация» саласының мақсаты: айналадағы адамдармен араласуға қабілетті, көптілді тұлғаны тәрбиелеу үшін баланың қажетті коммуникативтік дағдыларын дамыту.

1. Түсінік хат

Тілдерді оқытудың бағдарламасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5 және 14 баптарына және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленген.

Бағдарламаны әзірлеу барысында мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктері ескерілген.

Бағдарламаның мақсаты:

тілді қарым-қатынас құралы ретінде практикалық тұрғыда меңгеру процесінде балаларды тіл құралы арқылы тәрбиеле және дамыту, балалардың әртүрлі заттық-практикалық іс-әрекеттері негізінде қарым-қатынаса білу мен дағдыларын қалыптастыру

Тілдерге оқыту жұмысының аясында келесі міндеттер анықталды:

– мектеп жасына дейінгі баланың бойында негізгі құзыреттердің қалыптасуына ықпал ететін қолайлы пәндік-дамытушылық орта құру;

– мектеп жасына дейінгі баланың сөйлесім, тілдік, мәдени-әлеуметтік құзыреттерін қалыптастыру;

– балалардың жас ерекшелігіне сәйкес практикалық, танымдық, шығармашылық және басқа да іс-әрекет түрлерінің тәжірибесін қалыптастыру;

– лексикалық дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорларын молайту;

– мәтіндерді есту арқылы тындау-қабылдау дағдыларын қалыптастыру;

– жас ерекшеліктеріне сәйкес диалогтық және монологтық сөйлеуді қалыптастыру

– тілі оқылатын елдің адамдарының өмір салтына құрмет сезімін тәрбиелеу;

– төзімділікке тәрбиелеу;

– баланы жалпыәлемдік және жалпыұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеу мен дамыту мақсатында отбасы әлеуетін пайдалану;

– мектепте оқуға дайындығын қалыптастыру.

Бағдарлама шығармашыл көптілді педагогке бағдарланған.

Бағдарламаның мазмұны балалардың негізгі құзыреттіліктерді меңгеруіне және қолайлы әлеуметтендірілуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қауымда позитивтік қарым-қатынастарға қабілетті шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Бағдарламалық материалды жүзеге асырудағы маңызды бағыт-бағдар, педагог пен тәрбиеленушінің құзыреттілік қарым-қатынас жүйесіне көшу болып табылады.

Бағдарламалық материалды игеру кезінде бала өз іс-әрекетін жоспарлауды, мақсат қоюды, оған қол жеткізу жолдарын таба білуді үйренуі керек. Онда мектепке дейінгі білім беру мазмұнының алдыңға және кейінгі жас сатыларымен жүйелілігі мен сабақтастығы анық көрінеді. Балалардың қажеттілігіне бағдарланған педагогикалық процесті ұйымдастыруға жана көзқарас бағдарламаларды жасау кезінде білімдік-тәрбиелік міндеттерді бірте-

бірте күрделендіруді, оқу-танымдық әрекеттерді ұйымдастыруда пайдаланылатын әдістер мен түрлерін түрлендіруді талап етеді.

Бағдарламаға тәрбиеленушілердің ата-аналарымен ынтымақтастық компоненті енгізілген, өйткені тілдерді оқыту процесін олардың тарапынан белсенді қолдау табысқа жету кепілі болып табылады.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды тілге үйрету барысында дидактиканың келесі қағидалары есепке алынады:

- жеңілден күрделіге қарай;
- жүйелілік;
- коммуникативтік, дамытушылық, тәрбиелеушілік мақсаттарын кешенді жүзеге асыру;
- коммуникативтік бағыттылық;
- шет тілін саналы түрде меңгеру;
- көрнекілік;
- қайталанушылық;
- өзінділік;
- ғылымилық;
- ынтымақтастық.

Баланың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға бағытталған тілдерді оқыту құралдары мен формалары келесілерді қамтиды:

- тілдік арнайы сабақтар;
- дидактикалық ойындар және жұптық өзара іс-әрекет арқылы орындалатын жаттығулар;
- драмалау-ойындары;
- балалармен әңгімелесу;
- ұлттық ойындар;
- сюжетті-рольдік ойындар;
- этюдтар, суырып-салмалық;
- бақылаулар, серуендеу, экскурсиялар;
- көркем шығармалар оқу;
- педагогтің әңгімесі және балалардың әңгімесі;
- негізгі сабақтарға қосымша ретінде видеокөріністер тамашалау;
- балалар өздерінің ертегіні сахналау, өлеңді мәнерлеп оқу жетістіктерін көрсете алатын ертегіліктер және мерекелер;
- балалар өз қабілеттерін аудирование жасауда көрсетуге мүмкіндіктері болатын қуыршақ театрының қойылымдары;
- шығармашылық есептер шығарылатын, проблемалық жағдайлар, жұмбақтар ойлап табудағы педагог пен баланың біріккен ойын түріндегі іс-әрекеті;
- тарихқа шығарма;
- шағын конкурстар, ойын-жарыстар;
- балалардың өзіндік әрекетін жоспарлау.

Бағдарламаға сәйкес балаларға ерте кезеңнен бастап тілдерді үйрету процесінде келесі негізгі әдістер пайдаланылады:

– коммуникативтік әдіс, ол тілдің ерекшелігіне сәйке оқу пәні ретінде көп дәрежеде негіз әрі басым болып табылады. Бұл әдістің көмегімен бірінші кезектегі міндеті шешіледі – тілдерді ерте кезеңде үйренуде ауызша қарым-қатынастың қарапайым дағдылары мен біліктерін меңгеру, мәдениаралық деңгейде қарым-қатынасқа балалардың қабілеттерін бастапқы қалыптастыру;

– көрнекілік әдісі, ол қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстарының тікелей көрсетілімін, түсіну мен есте сақтауды жеңілдету мақсатында көрнекті құралдарды пайдалануды көздейді;

– жобалау әдісі, ол оқытуда пәнаралық байланыс іске асыруға, «тар кеңістік» қарым-қатынасын кеңейтуге, мектепке дейінгі жасқа тән практикалық қызмет түрлеріне кеңінен сүйенуді жүзеге асыру.

Бұл әдістерді қолдану, тілдерді берілген кезеңде үйренуде оларды коммуникативтік меңгеру көрсеткіші ретінде балалардың бойында элементар креативтік құзыреттіліктің дамуына ықпал етеді.

Орталық орын мәдени дағдыларды, арнайы білімді, рөлдік мінез-құлық негіздерін әзірлеу және тұлғаның әлеуметтік қасиеттерінің дамуына бөлінген.

Ұсынылып отырған бағдарламаның жаңалығы мынады: тілдерді оқыту барысында коммуникативтік қабілеттерді әзірлеуге баса назар адарылады (еркін қарым-қатынас жасау дағдылары және қолданбалы тілдерді қолдану), сондықтан сөйлеу әрекетінің төрт түрінің «Тыңдалым», «Айтылым», «Оқылым», «Жазылым» алғашқы екеуне ерекше көңіл бөлінеді

Қазақ (Т2) және орыс (Т2) тілдері бойынша бағдарламалар, екінші кіші топтан бастап барлық жас топтарына есептелген.

Ағылшын (Т3) тілі бойынша бағдарлама тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып ойын әдісіне негізделген, жоғарғы топтан бастап жас топтарына есептелген (1 кесте).

| Жас топтары / үйренетін тілдер | Қазақ тілі (Т2) | Орыс (Т2) | Ағылшын тілі (Т3) |
|--------------------------------|-----------------|-------------|-------------------------|
| II кіші топ | A0.1 | A0.1 | |
| ортаншы топ | A0.2 | A0.2 | |
| ересек тобы | A0.3 | A0.3 | A0.1 |
| мектеп алды тобы | A0.4 | A0.4 | A0.2 |
| 1- сынып | A1 бастаушы | A1 бастаушы | A1 бағыты бойынша жұмыс |
| ... | ... | ... | ... |
| ... | ... | ... | ... |

Оқу-әдістемелік кешенінде (бағдарламаларға қосымшада) оқу іс-әрекетін жоспарлау мен ұйымдастыруға жаңа тәсілдер ұсынылады, ол педагогтардың білім беру салаларының кірігуіне шығармашылықпен шығуын және заманауи білім беру технологияларын таңдауын қамтамасыз етеді. Сондықтан, базалық мазмұнды жобалау кезінде үш тілді ғана оқуда емес, басқа да білім беру салаларын: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» оқу үшін де өтпелі тақырыптар ескеріледі.

Өтпелі тақырыптар:

- «Сәлемдесу»;
- «Менің отбасым»;
- «Менің балабақшам»;
- «Ойыншықтар»;
- «Үй жануарлары мен хайуанаттар»;
- «Ас. Тағам»;
- «Құстар»;
- «Жиһаз»;
- «Көлік»;
- «Жыл мезгілдері»;
- «Мамандық»;
- «Халық шығармашылығы мен дәстүр».

Мектепте оқудың басында күтілетін нәтижелер.

Мектепке дейінгі балалар сөйлеу саласында қабілетті болуы тиіс:

– осы бағдарламада белгіленген тақырып, жағдай аясында қарым-қатынас бойынша серіктестің ауызша айтқандарын түсіну және барабар ден қою (ауызша, ауызша емес);

– өзі, отбасы мүшелері туралы қарапайым сөздер айту, тақырыптық лексиканы пайдаланып және электрондық деңгейде пікір айту затына өз көзқарасын білдіре отырып, заттардың сипаттау сипаттамасы беру.

Тыңдалым аясында балалардың бойында келесідей біліктердің дамуы:

– балалардың даму деңгейіне және қызығушылықтарына сәйкес келетін шағын мәтіндердің мазмұнын түсіну, сонымен қатар тыңдалғанның мазмұнына дұрыс (ауызша, ауызша емес) пікір білдіру;

– сабақтардағы оқу және ойын жағдаяттарымен байланысты өтініштер мен кеңестерді, талаптарды, жаттығуларды, ойындарды түсіну қарастырылады.

Аталған бағдарламасы жүзеге асыру баланың одан әрі – әлеуметтік, тұлғалық, танымдық дамуына дайындығының қалыптасуына, оның заманауи әлемдегі көплингвалды және көпмәдениетті жағдаяттарға бейімделуіне әсер етеді.

2. Қазақ тілін оқыту бағдарламасының базалық мазмұны

II кіші топ (3 – 4 жас)

I жартыжылдық

- Сөйлеу мәдениетін тәрбиелеу.
- Қазақ тілін тыңдау икемдігін қалыптастыру (ертегілер, әңгімелер, тақпақтар, әндер).
- Ойын жаттығулар мен ойындар арқылы қазақ тіліне тән дауысты дыбыстарды дұрыс айту икемдігін қалыптастыру (ә, ө)
- Артикулярлық аппаратты дамыту.
- Сөздік жұмыс және тіл дамыту жұмысы.
- Ойыншықтарды, көкөністер мен жемістерді және т.б зат атауларын түсіну мен қабылдау.
- Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтқызу және балалардың сөздік қорын молайту:
 - айналадағы кейбір заттарды атау;
 - заттардың түсін, көлемін білдіретін сөздерді айту,
 - қимыл іс – әрекет білдіретін сөздерді атау.
 - Сөз таптардың байланысы бойынша сөз тіркестерді құру (зат есім мен сын есім, зат есіммен етістік)
 - Байланыс сөйлеуін дамыту, сөздерді айту барысында екпінді дұрыс қою.
 - Қарапайым сұрақтарды түсіну, оларға жай сөйлеммен жауап беру икемдігін қалыптастыру.
 - Шағын тақпақтар мен әндерді есте сақтауын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- ә, ө қазақ тіліне тән дауысты дыбыстарды дұрыс айтады;
- жай сөйлемдерді құрастыра алады;
- сөйлеуде зат есімнің жекеше және көпше түрлерін қолданады;
- үлкендердің айтқанын түсініп тыңдайды;
- ертегіде кездесетін сөз тіркестер мен сөздерді түсінеді;
- үлкендерінің көмегімен тақпақтарды жатқа айтады;
- заттардың түсін, көлемін білдіретін сөздерді айтады;
- сұрақтарды түсінеді, оларға жай сөйлеммен жауап береді.

II жартыжылдық

Тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу

- Ертегілер, әңгімелер, шағын тақпақтар мен әндерді тыңдау дағдысын нығайту, сөздерді айту барысында екпінді дұрыс қою.
- Артикулярлық аппаратты дамыту икемдігін жетілдіру.
- Сөздік жұмыс пен тіл дамыту.
- Айналадағы заттардың атауын айту, заттардың түсін, көлемін анықтау.
- Сөйлеу барысында жекеше, көпше түріндегі зат есімдерді қолдану.
- Сөз тіркесте сөздердің байланысын түсінуін қалыптастыру.
- 2- 3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуін жетілдіру.
- Байланыс сөйлеуін дамыту, сөздерді айту барысында екпінді дұрыс қою.
- Қарапайым сұрақтарды түсіну, оларға жай сөйлеммен жауап беру икемдігін қалыптастыру.
- Үлгі арқылы ойыншықтарды, жемістерді, айналадағы заттарды жай сөйлемдермен сипаттау.
- Шағын тақпақтар мен әндерді есте сақтауын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- сөздерді дұрыс айтады, дыбыстауына назар аударады;
- сюжеттік суреттерді қарастырып жай сөйлемдерді құрайды;
- кейбір
- қимыл әрекеттерді, заттар мен құбылыстарды айтады, оларды сипаттай алады;
- үлкендердің айтқан сөздерін тыңдайды, түсінеді;
- айналадағы заттарға байланысты үлкендердің сұрақтарына жауап береді;
- байланыс сөйлеуін құрайды;
- шағын ертегілерде кездесетін таныс сөздерді айтады;
- шағын тақпақтарды жатқа айтады;
- өзі тұратын қала (ауыл, аудан) атауын айтады;
- қазақ тілінде кейбір өсімдіктерді, жануарлар мен олардың төлдерін атайды.

Ортаңғы топ (4-5 жас)

I жартыжылдық

- Тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу.
- Ойын жаттығулар мен ойындар арқылы қазақ тіліне тән дауыссыз (қ, ғ), дауысты (ә, ө, ү, і) дыбыстарды дұрыс айтуын қалыптастыру.
- Тілдің дыбыстық және артикулярлық аппаратты, дикцияны дамыту.

- Сөздік жұмыс пен тіл дамыту.
- Балалардың сөздік қорын молайту мен дамыту.
- Табиғат құбылыстары мен жыл мезгілдері, айналадағы заттардың қимылын білдіретін сөздер жайында білім қалыптастыру.
- Сөз тіркестерді құрастыруын жетілдіру (зат есім мен сын есім), (сан есім мен зат есім).
- 3 – 4 сөзден тұратын сөйлемдер, қысқа сөйлемдердегі сөздердің байланысы туралы білім қалыптастыру.
- Байланыс сөйлеу кезінде сөздерді айту барысында екпінді дұрыс қоюын дамыту.
- Сөйлеу кезінде қазақ тіліндегі сөздердің мағынасын түсінуі мен қолдану.
- Кім? Не? Қандай? Қанша? Қай жыл мезгілі? сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру.
- Айналадағы адамдармен қарым – қатынас жасау үшін сөздер мен сөз тіркестерді қолдану .
- Өз туралы бірнеше сөйлемдер арқылы айтуын үйрету (аты – жөні, тегі, жасы)

Күтілетін нәтиже:

- қазақ тіліне тән дауыссыз (қ, ғ), дауысты (ә, ө, ү, і) дыбыстарды дұрыс айтады;
- байланыс сөйлеу кезінде сөздерді айту барысында екпінді дұрыс қояды;
- сөйлеу барысында мағыналас сөздерді қолданады;
- үйдегі және табиғат айналасындағы заттардың мағынасын түсінеді;
- сөйлеу барысында жекеше, көпше түріндегі зат есімдерді қолданады;
- қазақ тілін тыңдайды, түсінеді;
- ертегілерде кездесетін сөздерді тауып айтады;
- шағын тақпақтар мен санамақтарды жатқа айтады;
- қазақ тіліндегі сөздердің мағынасын түсінеді, сөйлеу барысында қолданады;
- 3 – 4 сөзден тұратын сөйлемдерді құру.

II жартыжылдық

- Тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу .
- Қазақ тіліне тән дауысты (ә, ө, ү, і, ұ), дауыссыз (қ, ғ, н) дыбыстарды айту дағдысын нығайту.
- Тілдің дыбыстық және артикулярлық аппаратты, дикцияны дамыту.
- Сөздік жұмыс пен тіл дамыту.
- Балалардың сөздік қорын байыту.

- Табиғат құбылыстары мен жыл мезгілдері, айналадағы заттардың қимылын білдіретін сөздер жайында балалардың білімін жетілдіру.
- 10 – ға дейін тура және кері санауын үйрету.
- Заттардың кейбір қасиеттерін (түсін, пішінін) айтуын қалыптастыру.
- Күнделікті өмірде таныс сөздерді қолдануын үйрету.
- Сөз тіркестерді, сөйлемдерді дұрыс құру арқылы сауатты сөйлеу машықтығын қалыптастыру.
- Сөйлеу барысында жекеше, көпше түріндегі зат есімдерді қолдануын қалыптастыру.
- Балалардың байланыс сөйлеуін жетілдіру.
- Сұрақтарға жауап беру барысында қазақ тілін дұрыс қолдануын бекіту.

Күтілетін нәтиже:

- ойын әрекетінде, күнделікті өмірде педагогтың айтқан сөзін түсінеді;
- қазақ тілінде 10 – ға дейін тура және кері санайды ;
- қазақ тіліне тән дауысты (ә,ө,ү,і, ұ), дауыссыз (қ, ғ, н) дыбыстарды айтады.

Ересек топ (5 - 6 жасқа дейін)

I жартыжылдық

- Тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу.
- Дыбыстау және артикуляциялық аппарат, сөйлеу тыныстауы, анық дикцияны дамыту.
- қазақ дыбыстарын дұрыс айтылуын дамыту үшін ойын жаттығуларын қолдану.
- Сөздік жұмыс.
- Ертегілер, әңгімелер оқу барысында, мультфильмдер кейіпкерлерінің іс әрекеттерін талқылай отырып балалардың ой – өрістерін кеңейту. Жақын аймақтағы заттарды атауға үйрету; жыл мезгілдерінің белгілері және табиғаттың жеке құбылыстары; заттардың көлемі және түстері бойынша.
- Онға дейін тура және кері санауды үйрету.
- қазақ тілінің сауатты қалыптасуы.
- Балалар сөйлеуде зат есімнің жекеше және көпше түрлерін дұрыс пайдалануларын дамыту, сөз айтуда екпінді дұрыс қою.
- 4- 5 сөзден тұратын сөйлем құруға үйрету.
- Күнделікті өмірде таныс сөздерді түсініп және қолдана білуге қалыптастыру.
- Байланыс сөздің дамуы
- Қазақ тілін түсініп және қазақ тілінде сөйлегенде екпінді дұрыс қойып айтуға үйрету

- Қарапайым сұрақтарды қойып және оларға жауап бере білулерін жетілдіру.
- Өзі, ата –анасы туралы әңгімелеуге, тұратын мекен – жайын айтып беруге үйрету.
- Балаларға қазақ тілінде тақпақтар, мақал – мәтелдер, өлеңдер үйрету.

Күтілетін нәтиже:

- қазақ тіліне тән дауысты (ә,ө,і,ү,ұ), дауыссыз (қ,ғ,ң,һ) дыбыстарды анық, дұрыс айтады;
- күнделікті өмірде таныс қазақ тіліндегі сөздерді қолданады;
- айтылатын сөзде екпінді дұрыс қоя біледі;
- жыл мезгілдерінің белгілері және табиғаттың жеке құбылыстар туралы айта алады;
- Онға дейін тура және кері санауды үйренеді.
- сұрақ қойып оған қазақша жауап бере алады;
- Өзі, ата –анасы туралы әңгімелеуге, тұратын мекен – жайын айтып береді.
- Балаларға қазақ тілінде тақпақтар, мақал – мәтелдер, өлеңдер біледі;
- Сурет, экскурсияда бақылау бойынша қысқа әңгімелер құрайды.

II жартыжылдық

- Тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу.
- Ойын, ойын жаттығулар арқылы қазақ тіліне тән дыбыстарын айтуын жаттықтыру.
- Дыбыстық және артикулярлық аппараттарды, анық дикцияны үнемі дамыту.
- Балалардың қазақ тіліндегі сөздік қорын молайту мен байыту; жақын аймақтағы заттар, жыл мезгілдері және табиғи құбылыстары туралы айта білуін жаттықтыру.
- Онға дейін тура және кері санауды жаттықтыру.
- Заттардың түсін, қасиетін айтуын жаттықтыру.
- Күнделікті өмірде таныс қазақ тіліндегі сөздерді түсіну мен қолдану.
- Қазақ тілінің сауатты қалыптасуы.
- Сөз тіркестерді дұрыс құрастыруын жетілдіру (зат есім мен сын есім), (зат есім мен етістік); сөздерді айту кезінде екпінді дұрыс қою.
- 4- 5 сөзден тұратын сөйлем құруға үйрету, зат есімдерінің көпше және жекеше түрлерін қолдану.
- Қазақ тілін түсініп және қазақ тілінде сөйлегенде екпінді дұрыс қойып айтуға үйрету.

– Қарапайым сұрақтарды қойып және оларға жауап беруін жетілдіру, өзі туралы, өзінің мекен – жайы, ата – аналар туралы 2- 3 сөйлемнен тұратын шағын әңгіме құрастыру.

– Қарапайым сұрақтарды қойып және оларға жауап бере білулерін жетілдіру, суреттер арқылы шағын әңгіме құрастыру. Қазақ тілінде қарапайым сөйлеуін жетілдіру.

– Тақпақтар мен өлеңдерді, әндерді, мақал – мәтелдерді әрі қарай жаттауды жалғастыру.

Күтілетін нәтиже:

– қазақ тіліне тән дауысты, дауыссыз дыбыстарды анық, дұрыс айтады;

– өзінің мекен – жайы, ата – аналар, өзі туралы айта алады;

– 4 – 5 сөзден тұратын сөйлем құрайды, сұрақтарға жауап береді;

– сөйлеуде зат есімнің жекеше және көпше түрлерін дұрыс пайдаланады;

– сөздерді айту барысында екпінді дұрыс қояды;

– онға дейін тура және кері санайды;

– жақын аймақтағы заттар, жыл мезгілдері және табиғи құбылыстары туралы айта біледі;

– заттардың түсін, көлемін ажыратып сөйлем құрайды;

– қарапайым диалог құрайды;

– тақпақтар мен әндерді, мақал – мәтелдерді жатқа айтады; суреттер бойынша әңгіме құрайды.

Мектепалды даярлық топ (6 - 7 жасқа дейін)

I жартыжылдық

– Тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу.

– Дыбыстау және артикуляциялық аппарат, сөйлеу тыныстауы, анық дикцияны дамыту.

– Сөздік қорын молайту.

– Айналадағы адамдардың сөздерін тыңдауын, түсінуін қалыптастыру .

– Түрлі заттар мен ойыншықтардың сипаттауына байланысты сөйлемдердің мағынасын түсінуін қалыптастыру.

– 4 – 5 сөйлемнен тұратын шағын мәтіннің мазмұнын түсінуін дамыту;

– Ұйымдастырылған оқу қызметі, ойын әрекеті кезінде естігенін, я көргенін қимыл әрекет арқылы көрсетуін жаттықтыру.

– Қазақ тіліне тән 9 дыбысты анық, дұрыс айтуын қалыптастыру;

– Тақырыптық сюжеттік суреттер бойынша шағын мәтін құруын үйрету;

- Тақпақтарды, санамақтарды, жұмбақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтуын жетілдіру;
- Сөйлеу нормаларды ескере отырып әңгімелесушінің сұрақтарын түсініп жауап беруін үйрету;
- Ойын әрекет барысында құрбылармен қарым – қатынас кезінде таныс сөздерді, сөз тіркестерді, сөйлемдерді, санамақтарды, қолданып айтуын үйрету;
- Ертегілерде, әңгімелерде, мультфильмдерде кездесетін кейіпкерлерінің іс әрекеттерін талқылай отырып балалардың ой – өрістерін кеңейту.
- Жиырмаға дейін тура санауды үйрету.
- Балалар сөйлеуде зат есімнің жекеше және көпше түрлерін дұрыс пайдалануларын дамыту, сөз айтуда екпінді дұрыс қою.
- 5- 6 сөзден тұратын сөйлем құруға үйрету.
- Күнделікті өмірде таныс сөздерді түсініп және қолдана білуге қалыптастыру.
- Байланыс сөздің дамуы.
- Сұрақтарды дұрыс қойып және оларға жауап бере жетілдіру.
- Отбасы, туған жер, қала, сүйікті ойыншықтар туралы әңгімелеуге, шағын әңгіме құруын үйрету.
- Қазақ тілінде тақпақтарды, мақал – мәтелдерді, жұмбақтар мен санамақтарды үйрету.

Күтілетін нәтиже:

- қазақ тіліне тән дауысты, дауыссыз дыбыстарды анық, дұрыс айтады;
- айтылатын сөзде екпінді дұрыс қоя біледі;
- түрлі заттар мен ойыншықтардың сипаттауына байланысты сөйлемдердің мағынасын түсінеді, оларды айтады;
- 4 – 5 сөйлемнен тұратын шағын мәтіннің мазмұнын түсінеді;
- тақырыптық сюжеттік суреттер бойынша шағын мәтін құрайды;
- тақпақтарды, санамақтарды, жұмбақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтады;
- сөйлеу нормаларды ескере отырып әңгімелесушінің сұрақтарын түсініп жауап береді;
- ойын әрекет барысында құрбылармен қарым – қатынас кезінде таныс сөздерді, сөз тіркестерді, сөйлемдерді, санамақтарды, қолданып айтады;
- ертегілерде, мультфильмдерде кейіпкерлерінің іс әрекеттерін талқылайды;
- жиырмаға дейін тура санайды;
- сөйлеуде зат есімнің жекеше және көпше түрлерін дұрыс пайдаланады, сөз айтуда екпінді дұрыс қоя біледі;
- 5- 6 сөзден тұратын сөйлемді құрайды;

- сұрақтарды дұрыс қойып және оларға жауап бере алады;
- отбасы, туған жер, қала, сүйікті ойыншықтар туралы әңгімелейді, шағын әңгіме құрайды;
- тақпақтарды, мақал – мәтелдерді, жұмбақтар мен санамақтарды біледі.

II жартыжылдық

- Тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу.
- Дыбыстау және артикуляциялық аппарат, сөйлеу тыныстауы, анық дикцияны дамыту.
- Сөздік қорын әрі жетілдіру.
- Түрлі заттар мен ойыншықтардың сипаттауына байланысты сөйлемдер құруын үйрету .
- 4 –5 сөйлемнен тұратын шағын мәтіннің мазмұнын түсінуін жетілдіру;
- Қазақ тіліне тән 9 дыбысты анық, дұрыс айтуын жетілдіру;
- Берілген сюжеттік суреттер бойынша шағын мәтін құруын үйрету;
- Тақпақтарды, санамақтарды, жұмбақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтуын жетілдіру;
- Әңгімелесушінің сұрақтарын түсініп оларға жауап беруін жетілдіру;
- Ойын әрекет барысында құрбылармен қарым – қатынас кезінде таныс сөздерді, сөз тіркестерді, сөйлемдерді, жұмбақтарды, қолданып айтуын қалыптастыру;
- Жиырмаға дейін тура санауды жетілдіру.
- Күнделікті өмірде таныс қазақ тіліндегі сөздерді түсіну мен қолдану.
- Балалар сөйлеуде зат есімнің жекеше және көпше түрлерін дұрыс пайдалануларын дамыту, сөз айтуда екпінді дұрыс қою.
- 5- 6 сөзден тұратын сөйлем құруға үйрету.
- Күнделікті өмірде таныс сөздерді түсініп және қолдана білуге қалыптастыру.
- Байланыс сөздің дамуы.
- Отбасы, туған жер, қала, сүйікті ойыншықтар, жыл мезгілдері туралы әңгімелеуге, шағын әңгіме құруын үйрету.
- Қазақ тілінде тақпақтарды, мақал – мәтелдерді, жұмбақтар мен санамақтарды үйрету.

Күтілетін нәтиже:

- қазақ тіліне тән дауысты, дауыссыз дыбыстарды анық, дұрыс айтады;
- айтылатын сөзде екпінді дұрыс қоя біледі;
- түрлі заттар мен ойыншықтардың сипаттауына байланысты сөйлемдердің мағынасын түсінеді, оларды айтады.
- 4 – 5 сөйлемнен тұратын шағын мәтіннің мазмұнын түсінеді.

- тақырыптық сюжеттік суреттер бойынша шағын мәтін құрайды.
- тақпақтарды, санамақтарды, жұмбақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтады.
- сөйлеу нормаларды ескере отырып әңгімелесушінің сұрақтарын түсініп жауап береді;
- ойын әрекет барысында құрбылармен қарым – қатынас кезінде таныс сөздерді, сөз тіркестерді, сөйлемдерді, санамақтарды, қолданып айтады;
- ертегілерде, мультфильмдерде кейіпкерлерінің іс әрекеттерін талқылайды.
- жиырмаға дейін тура санайды;
- сөйлеуде зат есімнің жекеше және көпше түрлерін дұрыс пайдаланады, сөз айтуда екпінді дұрыс қоя біледі;
- 5- 6 сөзден тұратын сөйлемді құрайды;
- сұрақтарды дұрыс қойып және оларға жауап бере алады;
- отбасы, туған жер, қала, сүйікті ойыншықтар туралы әңгімелейді, шағын әңгіме құрайды;
- тақпақтарды, мақал – мәтелдерді, жұмбақтар мен санамақтарды біледі.

2.1 ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНАТЫН ЛЕКСИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛ

(II кіші, ортаңғы, ересектер топтарындағы сөздер)

Амандасу. Танысу

1. Сәлеметсіз бе! – здравствуйте!
2. Сәлем! – привет!
3. Қайырлы таң! – Доброе утро!
4. Қайырлы күн! – Добрый день!
5. Менің атым... – Меня зовут...
6. Оның аты... – Его (ее) зовут...
7. Сау болыңыз! – До свидания!
8. Рахмет! - спасибо!

Отбасым

1. Отбасы - семья
2. Шеше — мать
3. Ана- мама
4. Әке - папа
5. Қарындас - сестра по брату
6. Сіңлі – младшая сестра для девочки
7. Аға - брат, дядя
8. Тәте - тетя
9. Әже -бабушка
10. Ата - дедушка
11. Іні - братишка
12. Апа –сестра старшая
13. Сенің атың кім? – Как тебя зовут?
14. Жасың нешеде? – Сколько тебе лет?
15. Ұлбала - мальчик
16. Қызбала - девочка

Мамандықтар:

1. Дүкенші - продавец
2. Құрылысшы - строитель
3. Суретші - художник
4. Тәрбиеші - воспитатель
6. Аспазшы – повар
7. Дәрігер – врач
8. Мұғалім - учитель
9. Ғарышкер – космонавт
10. Кәсіпкер - бизнесмен
11. Сатады - продает

12. Үй салады - строить дом
13. Емдейді - лечит

1. Жақсы - хорошо
2. Қайтала - повтори
3. Тұр - встань
4. Отыр - сядь
5. Жүр - иди
6. Жүгір - беги
7. Не керек? - Что хочешь?
8. Не? - что?
9. Кім? – кто?

1. Дос - друг
2. Мен - я
3. Сен - ты
4. Ол - он, она
5. Біз - мы
6. Ата - ана - родители
7. Балалар – дети
8. Ақылды - умный
9. Мейірімді - добрый
10. Көңілді – веселый
11. Әдемі - красивый

Үйім, пәтерім

1. Жақсы - хорошо, хороший
2. Жаман - плохой
3. Пәтер - квартира
4. Ас бөлме - кухня
5. Қонақ бөлме - гостиная
6. Тоңазытқыш – холодильник
7. Шаңсорғыш - пылесос
8. Теледидар - телевизор
9. Кең -просторная
10. Жарық - светлая
11. Үлкен - большой
12. Кішкентай – маленький
13. Үй - дом
14. Қабат - этаж

15. Гараж - гараж
16. Еден - пол
17. Балкон - балкон
18. Бөлме - комната
19. Жиһаз - мебель
20. Дәретхана- туалет
21. Компьютер - компьютер
22. Диван - диван
23. Кресло - кресло
24. Айна- зеркало

Мейрімді сөздер

1. Тамаша
2. Айналайын
3. Ботақаным
4. Құлыным
5. Жаным
6. Ақылдым
7. Алтыным
8. Жұлдызым
9. Өте жақсы
10. Күнім

Көліктер

1. Ұшақ – самолет
2. Тікұшақ – вертолет
3. Қайық – лодка
4. Кеме – корабль
5. Поезд – поезд
6. Жүк машина – грузовая машина
7. Жеңіл машина – легковая машина
8. Автобус – автобус
9. Троллейбус
10. трамвай

Дене мүшелері

1. Бас - голова
2. Қол - рука
3. Аяқ - нога
4. Шаш - волосы
5. Мұрын - нос
6. Ауыз - рот
7. Тіс - зубы
8. Тіл - язык
9. Қас - брови

10. Кірпік - ресницы
11. Құлақ - уши
12. Мойын - шея
13. Саусақ - палец
14. Дене - туловище
15. Дене мүшелері - части тела
15. Ерін - губы
16. Маңдай - лоб
17. Сол- левый
18. Оң - правый
19. Көру - видеть
20. Тыңдау - слушать
21. Есту - слышать
22. Сөйлеу - говорить
23. Айту - сказать
24. Ішу - пить
25. Жеу – есть

Ыдыс - аяқ

1. Тостаған - блюдо
2. Шара – большая чашка
3. Табақ - поднос
4. Стақан - стакан
5. Шаңышқы - вилка
6. Пышақ - нож
7. Қасық - ложка
8. Шәйнек - чайник
9. Кастрөл - кастрюля
10. Тәрелке - тарелка
11. Дастархан - скатерть
12. Ожау - черпак
13. Таба - сковорода
14. Бокал - бокал
15. Ыдыс- аяқ - посуда
16. Қазан - казан
17. Ақман - заварник
18. Кесе

Тағамдар

1. Су - вода
2. Сүт -молоко
3. Нан - хлеб
5. Шұжық - колбаса
6. Шай - чай
7. Май - масло
8. Кәмпит - конфеты

9. Бауырсақ – бауырсақ
10. Қант - сахар
11. Печенье - печенье
12. Кофе - кофе
13. Айран - кефир
14. Шырын - сок
15. Ірімшік - сыр
16. Қаймақ - сметана
17. Йогурт- йогурт
18. Бутерброд- бутерброд
19. Тағамдар- продукты
20. Ас - еда
21. Ас дәмді болсын! - Приятного аппетита!
22. Көже - суп
23. Құрт - курт
24. Жент - халва
25. Бешпармақ - бешбармақ
26. Қуырдақ - куырдак
27. Балмұздақ - мороженое
28. Торт - торт
29. Құмыс - кумыс
30. Жұмыртқа - яйцо
31. Балық - рыба
32. Ет - мясо

Киім, аяқ киімдер

1. Көйлек - платье
2. Жейде - рубашка
3. Шалбар - брюки
4. Бәтеңке - ботинки
5. Тон - шуба
6. Құлақшын - шапка
7. Пима – валенки
8. Киім - одежда
9. Джинсы -джинсы
- 10 Шорт - шорты
11. Костюм - костюм
12. Свитер - свитер
13. Күрте - куртка
14. Плащ - плащ
15. Трусик - трусики
16. Футболка- футболка
17. Туфли - туфли
18. Шұлық - носки

19. Кроссовки - кроссовки
20. Кепка - кепка
21. Сарафан - сарафан
22. Блузка - блузка
23. Коготка - колготки
24. Пижама - пижама
25. Халат - халат
26. Пальто - пальто
27. Қолғап - варежки
28. Ескі - старый
29. Таза - чистый
30. Кір – грязный

Балабақша

1. Меңгеруші - заведующая
2. Әдіскер - методист
3. Күзетші - сторож
4. Музыка жетекшісі – музыкальный руководитель
5. Кір жуушы - прачка
6. Оқытады - учит
7. Тыңдайды - слушает
8. Тазартады - чистит
9. Әңгіме - рассказ
10. Сабақ - урок
11. Оқиды – учиться (читает)
12. Кір жуады - стирает
13. Ән, би үйретеді - учит песне, танцу
14. Топ – группа
15. Ойыншық игрушка
16. Доп - мяч
17. Қуыршақ - кукла
18. Ойын - игра
19. Ойнаймыз - играем
20. Топ - группа
21. Мәшина - машина
22. Терезе - окно
23. Есік - дверь
24. Кілем - ковер
25. Керует - кровать
26. Орындық - стул
27. Үстіл – стол
28. Пирамида - пирамида
29. Робот - робот

30. Пианино - пианино
31. Ұшақ - самолет
32. Кеме – пароход

Оқу құралдары

1. Мектеп - школа
2. Оқушы – ученик
3. Оқу - учить
4. Сана - посчитай
5. Тақта - доска
6. Сынып - класс
7. Кітап - книга
8. Дәптер - тетрадь
9. Портфель - портфель
10. Өшіргіш - стерка
11. Сызғыш – линейка
12. Қалам - ручка
13. Қарандаш - карандаш
14. Бор - мел
15. Бояу - краски
16. Қылқалам - кисточка
17. Аш - открой
18. Жап – закрой
19. Қоңырау звонок
20. сабақ - урок

Санау

1. Бір - один
2. Екі - два
3. Үш - три
4. Төрт - четыре
5. Бес - пять
6. Алты - шесть
7. Жеті - семь
8. Сегіз - восемь
9. Тоғыз - девять
10. Он – десять
11. Он бір - одиннадцать
12. Он екі - двенадцать
13. Он үш - тринадцать
14. Он төрт - четырнадцать
15. Он бес - пятнадцать
16. Он алты - шестнадцать
17. Он жеті - семнадцать
18. Он сегіз - восемнадцать
19. Он тоғыз - девятнадцать

20. Жиырма – двадцать
21. Санау – считать
22. Неше? – сколько?
23. Сан – число
24. Көп - много
25. Аз – мало

Түстер

1. Қызғылтсары - оранжевый
2. Қара - черный
3. Жасыл - зеленый
4. Сары - желтый
5. Қызыл - красный
6. Ақ - белый
7. Көк – синий
8. Қоңыр -коричневый
9. Сұр – серый
10. Ашық - светлый, яркий

Жыл мезгілдері, апта күндері, тәулік мезгілі

1. Қыркүйек - сентябрь
2. Қазан - октябрь
3. Қараша - ноябрь
4. Күн ашық –светлый день
5. Күн бұлтты – облачный день
6. Қаңтар - январь
7. Желтоқсан - декабрь
8. Ақпан - февраль
9. Наурыз - наурыз
10. Сәуір - апрель
11. Мамыр -май
12. Маусым -июнь
13. Шілде -июль
14. Тамыз - август
15. Аққала – снежный город
16. Қарадам - снеговик
17. Шана - сани
18. Шаңғы - лыжи
19. Шөп - трава
20. Ағаш - дерево
21. Дүйсенбі - понедельник
22. Сейсенбі -вторник
23. Сәрсенбі - среда
24. Бейсенбі - четверг
25. Жұма - пятница

26. Сенбі - суббота
27. Жексенбі - воскресенье
28. Таңертең - утром
29. Күндіз - днем
30. Кешке - вечером
31. Түнде – ночью
32. Қар ериді – снег тает
33. Ыстық - жарко
34. Шомылады – купаться
35. Орман - лес
36. Шырша - елка
37. Жапырақ - лист
38. Гүл - цветок
39. Күн - солнце
40. Көктем - весна
41. Жаз - лето
42. Күз - осень
43. Қыс - зима
44. Ақшақар - снегурочка
45. Аяз-ата - дед мороз
46. Қар- снег
47. Сыйлық - подарок
48. Жаңа жыл - новый год
49. Жұлдыз – звезда
50. Мереке, мейрам - праздник
51. Жаңа – новый
52. Жаңбыр - дождь
53. Жел – ветер
54. Апта күндері - дни недели

Көкөністер, жемістер

1. Бақ - огород
2. Бақша - сад
3. Суарды - полить
4. Егеді – посадить
5. Алма - яблоко
6. Пияз - лук
7. Сәбіз - морковь
8. Картоп - картофель
9. Алмұрт - груша
10. Тәтті - сладкий
11. Ащы - горький
12. Жидек - ягоды
13. Піскен - спелый
14. Жинайды - собирает

15. Шалқан - репка
 16. Қызылша - свекла
 17. Алхоры - слива
 18. Өрік - урюк
 19. Анар - гранат
 20. Жүзім - виноград
 21. Шиө - вишня
 22. Қияр - огурец
 23. Қызанақ -помидоры
 24. Көкөністер - овощи
 25. Жемістер - фрукты
 26. Қырыққабат - капуста
 27. Қарбыз - арбуз
 28. Қауын - дыня
 29. Бұрыш - перец
 30. Сарымсақ - чеснок
 31. Укроп - укроп
 32. Редиска - редиска
 33. Банан - банан
 34. Лимон - лимон
 35. Мандарин - мандарин
 36. Ананас - ананас
 37. Апельсин - апельсин
 38. Қышқыл - кислый
 39. Жақсы көремін - люблю
- #### **Үй жануарлары, хайуанаттар**

1. Пайдасы - польза
2. Жүн - шерсть
3. Тері - мех
4. Түбіт - пух
5. Көлік - транспорт
6. Үй жануарлар - домашние животные
7. Жем - корм
8. Тышқан аулайды - ловит мышей
9. Үй күзетеді - дом сторожит
10. Сүйек кеміреді - кость грызет
11. Қой - овца
12. Ешкі - коза
13. Түйе - верблюдо
14. Бота - верблюжонок
15. Лақ - козленок
16. Ит - собака
17. Мысық - кошка

18. Тышқан - мышка
19. Сиыр - корова
20. Шошқа - свинья
21. Ат – лошадь
22. Қозы - ягненок
23. Бұзау - теленок
24. Құлыншақ - жеребенек
25. Торай - поросенок
26. Күшік - щенок
27. Мырғау - котенок

Жабайы аңдар

1. Қасқыр - волк
2. Түлкі - лиса
3. Аю - медведь
4. Піл - слон
5. Тышқан - мышь
6. Қоян - заяц
7. Кірпі - еж
8. Тийін - белка
9. Жолбарыс- тигр
10. Маймыл - обезьяна
11. Зебра - зебра
12. Арыстан - лев
13. Панда - панда
14. Кұйрық - хвост
15. Тұмсақ - морда
16. Табан - лапа
17. Жату - лежать
18. Қашу - убежать
19. кеміру - грызть
20. Жалау - лизать
21. Жабайы аңдар - дикие животные

Құстар

1. Балапан - цыпленок
2. Қораз
3. Қаз – гусь
4. Әтеш - петух
5. Тауық - курица
6. Үйрек - утка
7. Көгіршін - голубь
8. Аққу - лебедь
9. Қарға - ворона

10. Сауысқан - сорока
11. Қарлығаш - ласточка
12. Торғай- воробей
13. Бұлбұл - соловей
14. Біркүт – беркут
15. Құс - птица

Отаным - Қазақстаным

1. Кең - байтақ ел – богатый народ
2. Ұлт - национальность
3. Бесік - колыбель
4. Дос - друг
5. Елтаңба - герб
6. Әнұран - гимн
7. Туған жер - родина
8. Ту - флаг
9. Домбра - домбра
10. Кигіз үй - юрта
11. Байлық - богатство
12. Даңғылы - проспект
13. Той - пир
14. Сандық - сундук
15. Көше - улица
16. Халық - народ
17. Бай - богатый
18. Ауыл - село
19. Жер - земля
20. Отан – родина
21. Тәуелсіздік – независимость

Туған қалам - Астанам

1. Ескерткіш - памятник
2. Батыр - воин
3. Алаң - площадь
4. Сарай - дворец
5. Мұражай - музей
6. Қонақ үй – гостиница
7. Саябақ - парк
8. Банк - банк
9. Стадион - стадион
10. Зообақ - зоопарк
11. Бау – сад

Барлығы: 480 сөз

Әр тақырыпқа берілген лексикалық материал балалардың сөйлеу тілдерін дамытады, сөздік қорын молайтады. Мектепке дейінгі балалардың сөздік қорының молаюы ұйымдастырылған оқу іс – әрекетте ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде кездесетін суреттер, теледидардағы бағдарламалар мен мультфильмдер арқылы жүзеге асады.

Берілген материал айналадағы заттар мен құбылыстарды дұрыс атап айтуына балалар мен ата – аналар үшін үлкен көмек болып табылады.

3. Тілдесім іс-әрекетінің әрбір деңгейіне қойылатын талаптар II кіші топ (3-4 жас)

| Деңгей | Сөйлесім әрекетінің түрлері | Талаптар |
|-----------------|-----------------------------|---|
| А 0.1 нөлдік | Тыңдалым | <ol style="list-style-type: none"> 1. Сөзді естиді, қабылдайды. 2. Амандасу, танысу сөздердің, айналадағы заттардың мағынасын ұғады. 3. Педагогтың күн тәртібіндегі айтылатын сөздерді түсінеді. 4. Қимылды іс – әрекет арқылы көргенін, естігенін көрсетеді. |
| | Айтылым | <ol style="list-style-type: none"> 1. Сөйлеуде танысу, амандасу сөздерді қолданып, айналадағы заттарды атай алады. 2. Үйренген лексикалық материал негізінде бір сөзбен жауап бере алады. 3. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс және анық айтады. 4. Педагогтың қойған таныс сұрақтарына жауап береді. 5. Педагогтың сонынан сергіту сәттерін, тақпақтар мен әндерді қайталайды. |

Ортаңғы топ (4-5 жас)

| Деңгей | Сөйлесім әрекетінің түрлері | Талаптар |
|----------------|-----------------------------|---|
| А0.2 нөлдік | Тыңдалым | <ol style="list-style-type: none"> 1. Педагогтың айтылған сөзіне мән береді. 2. Сөздердің мағынасын түсінеді. 3. Заттардың атауын, сипаттауын, іс - әрекетін айырады. 4. педагогтың күн тәртібі барысында айтылатын сөздерді, сөз тіркестерді түсінеді. 5. Үренген лексикалық тақырыптар негізінде заттық және сюжеттік суреттер бойынша сұрақтарды түсінеді. 6. Ойын қызмет кезінде естігенін, я көргенін қимыл әрекет арқылы көрсетеді. |

| | | |
|--|---------|---|
| | Айтылым | <ol style="list-style-type: none"> 1. Сөйлеуде танысу, амандасу сөздерді, айналадағы заттардың түсін, көлемін, отбасы мүшелерін, т.б қолданады. 2. Тән дыбыстарды дұрыс және анық дыбыстайды. 3. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға 2 сөзден тұратын сөйлеммен жауап береді. 4. Педагогтың сюжеттік сурет бойынша заттың сипаттамасын қайталайды. 5. Педагогтың сонынан сергіту сәттерін, тақпақтар мен әндерді қайталайды. |
|--|---------|---|

Ересек тобы (5-6 жас)

| Деңгей | Сөйлесім әрекетінің түрлері | Талаптар |
|-------------|-----------------------------|---|
